

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Процесс урегулирования аргентино-чилийских территориальных противоречий неразрывно связан с общим ходом трансформации общественно-политического устройства в латиноамериканских обществах. Действительно, только после ухода с политической сцены военного правительства Аргентины, удалось ликвидировать опасность прямого военного столкновения между двумя странами. И только после установления в Чили демократического правительства стало вполне реальным действительное тесное сотрудничество между двумя странами, расположенными на самом юге Южной Америки. Разрешение территориальных противоречий между Чили и Аргентиной является одним из немногих примеров, когда своевременное вмешательство авторитетных международных организаций и здравый смысл участников конфликта, позволили избежать кровопролития, когда казалось, что оно уже неизбежно.

Список использованных источников:

1. Пятигорский государственный лингвистический университет // Д.В. Татарков «АРГЕНТИНО-ЧИЛИЙСКИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ ПРОТИВОРЕЧИЯ: ИСТОРИЯ И ПУТИ РАЗРЕШЕНИЯ» http://old.pglu.ru/science/researches/nii-panin/vestnik/v1/Tatarkov_D_V.pdf
2. История Чили // <http://michile.far.ru/historia.html>
3. Conflict Between Chile & Argentina // http://www.ehow.com/about_6751533_conflict-between-chile-argentina.html
4. Официальный сайт ООН - Dispute between Argentina and Chile concerning the Beagle Channel // http://untreaty.un.org/cod/riaa/cases/vol_XXI/53-264.pdf
5. Официальный сайт ООН, Treaty of Peace and Friendship between Chile and Argentina (with annexes and maps), 29 November 1984 // <http://www.un.org/Depts/los/LEGISLATIONANDTREATIES/PDFFILES/TREATIES/CHL-ARG1984PF.PDF>
6. Википедия – свободная энциклопедия – Конфликт в проливе Бигл

УДК 343.2

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КІНӘНІ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ.

Абдулла Арайлым Бахбергенқызы

arailym-abdulla@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: доктор PhD Балғынтаев Асет Оралгазыевич

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы азамат пен мемлекет, сондай-ақ, қоғам, құқық және саясаттың арасында жаңартылған өзара байланыстың болуы ерекше құқықтық қатынастардың генезисінің пайда болуына себепкер болуда. Қазіргі таңда құқықтық мемлекетті қалыптастыру үшін болмысы жағынан жаңа құқықтық жүйені және заңнаманы дамыта отыра толықтыруда қажеттілік туындап отыр.

Қылмыстық процестің алдағы дамуының бағыттарының бірі – оның жеделдетілуі, қысқартылуы және қол жетімді болу екендігінде күмән жоқ.

Соңғы уақытта біздің мемлекетіміздің демократиялық және құқықтық негіздерін құру барысында көптеген заңнамалық актілер қабылданды. Атап айтқанда, қылмыстық процесті түбегейлі өзгерткен және қоғамның қажеттіліктерін демократиялық тұрғыдан түрленуін қамтамасыз ету мақсатын көздейтін жаңа Қылмыстық процестік (бұдан әрі қарай – ҚПК) және Қылмыстық кодекстер жаңғыртылған болатын. Бұл кодекстердің жаңалықтарының бірі болып процестік келісім ұғымын айтуға болады. Толығырақ айтқанда бұл келісім, ҚПК-де көзделген тәртіп пен негіздер бойынша қылмыстық іс-жүргізудің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушының арасында жасалынатын келісім [1].

Айта кететін жайт, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында, қылмыстық іс-жүргізу құқығының жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде процессуалдық келісім институтын заңнамалық дамыту қажеттілігін атап көрсетті [2].

Қазіргі кезде шетел тәжірибесінде қылмыстық процестегі мәміле институтының түрлі аналогтарының болуымен сипатталады. Заңгер ғалымдардың пікірі бойынша бұл институт өзінің бастауын англо-саксондық құқықтық жүйеден алады, нақтырақ айтқанда - АҚШ. Аталған институт бұл елдің қылмыстық құқығының ажырамас бөлігі болып табылады.

Отандық қылмыстық процестік заңнама процестік келісімнің екі түрін қарастырады:

1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі (ҚПК 612-бап).

Ресми статистика көрсетіп отырғандай 2015 жылы Қазақстанда прокурорлар мен күдікті (айыпталушы) арасында 4104 кінәні мойындау туралы мәмілелер жасалған екен, оның ішінде онша ауыр емес қылмыстар бойынша – 615, ауырлығы орташа – 1857, ауыр қылмыстар – 1567, сондай-ақ қылмыстық теріс қылықтар бойынша – 65 [3]. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып ресми қайнар көздерде статистиканың жоқ екендігін айтуға болады.

Біздің ойымызша, ҚК және ҚПК процестік келісімнің жүзеге асырылуы механизмін қамтамасыз етпейді, сол себепті аталған институтты ары қарай жетілдіруді талап етеді.

Жалпы келгенде процестік келісім ҚПК 63 Тарауының нормаларымен реттеледі, материалдық – құқықтық негізі ҚК 55 және 67 баптарында көрініс тапқан.

Аталған мақалада бұл институттың материалдық – құқықтық негіздері қарастырылатын болады. Ең біріншіден, процестік келісімді қылмыстық құқықтағы шын өкінуге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институтымен ара-қатынасын анықтап алуды жөн көрдік.

Қарастыру барысында біз процестік келісімнің бірінші нысаны кінәні мойындау туралы мәмілені шын өкіну институтымен ара-қатынасы мәселелеріне көңіл бөлеміз. Себебі, процестік ынтымақтастық туралы келісімнің ешқандайда кінәні мойындаумен байланысы жоқ, бұл келісім кезінде тұлға мен айыптау жағы өзара тиімділік негізін басшылыққа алады және бұл тұрғыда шын өкінудің ешқандай қатысы болмайды.

Зерттеу барысында кінәні мойындау туралы мәміле мен шын өкіну институтын ара-қатынасын анықтау арқылы келесідей үш гипотезаға жауап іздеуді жөн көрдік:

- 1) шын өкіну мен кінәні мойындау туралы мәміле біртектес және бір-біріне сәйкес келеді;
- 2) бұл екі институт бір-біріне қарама-қайшы және сәйкес келмейді;
- 3) олардың кейбір белгілері ұқсас және олар сабақтас, бір-бірімен түйіседі.

Шын өкіну институты жаңа редакциядағы ҚР ҚК (65-бапта) көрініс тауып, жеткілікті дәрежеде сипатталып жазылған. Оның қылмыстық-құқықтық мәнін сипаттау қажет емес. Демек, логикалық тұрғыда алғанда шын өкіну институты іс жүргізушілік келісімнің материалдық құқықтық негізі болып табылуы тиіс еді. Бірақта заң шығарушы қылмыстық кодексте бұл сұраққа қатысты шын өкінумен процестік келісімді бір-бірінен алшақтатып тастады. Бұл қылмыстық кодексте 67-баптың, яғни «іс жүргізу келісімінің шарттары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату» [4] нормасының пайда болуымен байланысты. Біздің ойымызша, аталған институттардың келесідей елеулі айырмашылықтары мен ұқсастығы бар, олар 1- кестеде берілген:

1-кесте – Кінәні мойындау туралы мәміленің шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институтынан айырмашылықтары мен ұқсастығы

Кінәні мойындау туралы мәміле (ҚР ҚІЖК)	Шын өкіну институты (ҚР ҚК 65 бабы)
Айырмашылықтары	
1	2
Кішігірім, орташа ауырлықтағы не ауыр қылмыстар бойынша қолданылады	Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша қолданылады
Қылмысты бірінші рет жасауына немесе жасалмауына қарамастан қолданыла береді	Бірінші рет қылмыс жасаған адамға қатысты қолданылады
Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндірістің кез – келген кезінде жасалады	Міндетті шартты ретінде айыбын мойындап өз еркімен келгеннен кейін ғана қолданылуы, яғни ол тұлғаға қатысты қылмыстық іс бойынша өндіріс әлі басталмау мүмкін
Жәбірленушінің келісімі қажет	Жәбірленушінің келісімі қажет емес
Мәміле жасау кезінде оның міндетті шартты ретінде тұлғаның келтірген зиянның сипаты мен көлемімен келісуі, яғни оны дереу сол арада өтеуді қажет етпейді .	Қылмыспен келтірген зиянды толық көлемде қалпына келтіреді
Процессуалдық нысан жеңілдетіледі және жеделдетіледі, мәміле жасау арқылы сотқа жіберіледі	Процессуалдық нысан өзгермейді, жалпы тәртіп бойынша өндіріс жүргізіліп аяқталады
Дәлелдеу пәні қысқартылады, қылмыс құрамын дәлелдеу ғана жүргізіледі	Дәлелдеу пәні сол қалпында қалады

Мерзімдерқысқартылып жылдамдатылады	Жалпы тәртіптегі мерзімдер сақталып жүргізіледі
Ұқсастықтары	
Тұлғаның кінәні мойындауы, қылмысты ашуға, тергеуге жәрдемдесуі	Кінәсін мойындауы, қылмысты ашу мен тергеуге жәрдемдеседі

Көрсетілген кестеде кінәні мойындау туралы мәміленің шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институтынан бірқатар айырмашылықтары бар екендігін куәландырады. Бұл айырмашылықтар ең алдымен оларды қолдануы мүмкін қылмыс санаттары бойынша, сондай-ақ, қылмыс жасаған адамның тұлғасын ескере отырып, бірінші рет қылмыс жасауына байланысты болса, мәміле жасау кезінде кінәні мойындау сотқа дейінгі тергеудің кез-келген кезеңінде мүмкін болса, шын өкінудің міндетті шартты тұлғаның кінәсін мойындап келуі қажет, заңға сәйкес кінәсін мойындап келу - адамның оған қатысты әлі күмән келтірілмегенде немесе аталған қылмысты жасағанына айып тағылмағанда өзі жасаған қылмысы туралы ерікті мәлімдеуі танылады. Бұл айырмашылықтармен бірге зерттеу барысында біз бұл екі институттың ұқсас бір белгісін анықтадық, яғни екеуінде де тұлға кінәсін мойындаумен қатар қылмысты ашуға, тергеуге жәрдемдесу керек.

Атап өту қажет, шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты жаңа қылмыстық кодексте оны жүзеге асыруға қойылатын шарттардың жиынтығы негізінде ғана мүмкін етеді, яғни тұлға айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеуге жәрдемдесуі, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянның орнын толтыруы керек. Әрекет етіп тұрған қылмыстық заңда бұл әрекеттердің біреуінің болуы жеткілікті болған еді, яғни баламалы сипатта болды.

Заң шығарушы шын өкіну кезінде қылмысты ашу мен тергеуге жәрдемдесуді нақты сол қылмыстық іс бойынша ғана мүмкін екендігін және басқа қылмысты ашуға және қылмысқа қатысушыларды әшкерлеуге болмайтындығын Қазақстан Республикасының қылмыстық кодекстің 65-б. 2 б. мазмұнынан байқауға болады, яғни онда шын өкіну «террористік қылмысты, экстремистік қылмысты, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмысты, жас балаларға жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмысты, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасаған адамдарға қолданылмайды» [4] делінген. Айта кету керек, бұл норма шын өкінуді іс жүргізушілік келісімнің екінші нысаны ынтымақтастық туралы келісімнен ажыратады.

Демек, бұл екі институттардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының бар екендігін ескере отырып, жоғары аталған үш гипотезаның бірі, яғни «олардың кейбір белгілері ұқсас және олар сабақтас, бір-бірімен түйіседі» деген тұжырымға келеміз.

Іс жүргізушілік келісімнің материалдық құқықтық негізі болып қылмыстық кодекстің **67-бабы «іс жүргізу келісімінің шарттары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату» институтын айтамыз. Бұл бапта «іс жүргізу келісімінің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін»** делінген.

Жалпы заң құрылысы тұрғысынан алғанда қылмыстық жауаптылықты анықтау мен босатудың шарттары материалдық құқықта көрініс табуы тиіс. Мәселен, қылмыстық кодекстің 65, 66, 68, 69, 70 және т.б. баптарында бұл нормаларды қолданудың нақты шарттары мен белгілері анықталған. Мысалға, 65 бап. **Шынайы өкінуіне байланысты**

қылмыстық жауаптылықтан босату «1. Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлінің жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеуге жәрдемдескені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянның орнын толтыруы ескеріле отырып қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін». Аталған нормада қылмыстық жауаптылықтан босату үшін айыпталушымен қандай әрекеттер жасау тиіс екендігі көрсетілген.

Бүгінгі күні қылмыстық процестік кодексте процестік келісімді реттейтін нормаларда қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары көрініс тапқан.

Біздің ойымызша процестік келісім бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату жасау шарттары қылмыстық кодекстің 67-бабының мазмұнында болуы керек.

Процестік келісім барысында туындайтын тағы бір мәселе, ол жаза тағайындау. Осындай келісімдер бойынша сезікті, айыпталушыны ынтымақтыққа бағытталған себеп, ол жасалған қылмыс үшін көзделген жазадан төмен жаза алу болып табылады. Бұл сұрақ жасалатын мәмілелердің негізгі шарттарының бірі екендігі сөзсіз. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 55-бабының 3-бөлігіне сәйкес «Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу істері, сондай-ақ іс жүргізу келісімінің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы тиіс» делінген.

Процестік келісім аясында жазаны жеңілдетудің мөлшері заңда нақты бекітілуі тиіс және ешқандай балама норманы көздемеу керек.

Тиісінше, біздің пікір бойынша аталған норма нақтылануды талап етеді. Себебі, процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле нысаны онша ауыр емес, ауырлығы орташа және ауыр қылмыстар бойынша жасалса, екінші жағдайда ынтымақтастық барлық санаттағы қылмыстар бойынша жасалады. Осы тұрғыда алғанда қылмыстық кодекс нормалары процестік келісімнің қылмыс санаттары бойынша жаза тағайындау ерекшеліктері ескерілмей қалған. Процестік келісім жасалатын барлық қылмыс санаттары бойынша Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімінің немесе мөлшерінің жартысын тағайындау тиісінше әділ болады - деп айта алмаймыз.

Біздің ойымызша, белгілі-бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жазатағайындау кезінде қылмыс санатын ескеру қажет. Осыған байланысты аталған нормаға ұсыныс ретінде келесіні айтамыз: процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле нысаны бойынша онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша жазаның мерзімі мен көлемін көзделген ең ауыр жаза мөлшерінің тең жартысынан аспау керек; ауыр қылмыстар жасаған жағдайда жазаның мерзімі мен көлемі ҚК көзделген ең ауыр жаза түрінің үштен екісінен аспау тиіс.

Тура осындай талапты жеделдетілген тәртіптегі сотқа дейінгі өндіріс аясында да қолдануға болады.

Аталған критерийді қолдану сезіктімен жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік деңгейін ескере отырып, әділдік принципіне сәйкес келеді. Сонымен қоса, біздің ойымызша көзделген жазадан жеңілдірек жаза тағайындау институтының нормалары тек қана процестік келісімнің кінәні мойындау туралы мәміле түріне қатысты қолдану қажет. Ал қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісімге ниет білдірген адамды мүлдем қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәселені көздеу керек.

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық – процестік кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 344 б.
2. О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года [Электронный ресурс]: указ Президента Респ. Казахстан от 24 авг. 2009 г. № 858 - Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000858>.
3. Данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК [Электронный ре-сурс] - Режим доступа: <http://service.pravstat.kz>.
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2

УДК 343.326

ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Абдулла Арайлым Бахбергенқызы

arailym-abdulla@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Мұратханова М.Б., қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті,
З.Ғ.К.

Адамның қоғамдағы құқықтық жағдайы мемлекеттің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасында азаматтардың құқығын қорғауға ерекше назар аударылған. Адам құқықтарының негізі әлемдегі ең алғашқы құжат 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ Декларациясы» болып табылады. Бұл тарихи құжаттың қабылданған күні жыл сайын Адам құқықтарының күні ретінде бүкіл әлемде аталып өтіледі.

Жалпыға ортақ декларациясында жеке құқықтар мен бостандықтарға: өмір сүру құқығы, бостандық пен жеке басқа қолсұғылмаушылық, ой, ар-ождан және дін бостандығы; құлдыққа, зорлық-зомбылыққа тыйым салу сияқты құқықтар жатқызылған. Осы құжатқа сәйкес, Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтың жеке бас бостандығы мен өмір сүру құқығын қорғайды. «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды»[1].

Адам құқықтары тек еліміздің Конституциясымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық актілермен де реттеледі. Адам құқықтарын қорғайтын әмбебап халықаралық ұйымдарға БҰҰ және оның органдары, оның ішінде БҰҰ Жоғарғы комиссары, Адам құқықтары жөніндегі Кеңес, БҰҰ Жоғарғы Комитетінің босқындар істері жөніндегі басқарманың 246 бөлімі құрылған.

Алайда, қазіргі өмірде осындай адам құқығын қорғауға арналған ұйымдар мен нормативтік-құқықтық актілер болса да конституциялық принциптердің бұзылып жатқаны жасырын емес. Әсіресе, адамның өмір сүру, бостандық, қауіпсіздік құқықтарының жиі бұзылу фактілері ерекше қорқытады. Соңғы жылдары террорлық әрекеттердің салдарынан қанша адам зардап шекті, тіпті ойлаудың өзі қорқынышты.